8-дәріс

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АШЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ

Қазақстандағы тіл саясаты

Дәрістің мақсаты: оқырман профессор Нұргелді Уәлидің зерттеуі арқылы қазіргі Қазақстандағы қазақ тілінің қолданыс аясын бағамдайды. Көптілді, көпмәдениетті, көпдінді қоғамның ішінде титулды ұлттың тілі мен мәдениетін сақтау, этносаралық, мәдениетаралық, дінаралық коммуникацияны ұстау мәселелеріне тоқталады.

Дәрістің басты терминдері: нигилизм, шовинизм, лингвоэкология.

- Нигилизм – ұлттық сананың даму деңгейі төмен болуынан болатын өз ұлтынан, өз тілінен жерінушілік;
- Шовинизм – өзге ұлтты, өзге тілді көзге ілмеушілік;
- Лингвоэкология – бөгде тіл басқыншылығынан ана тілдің тілдік ортасының тарылуы және оны сауықтыру шаралары.

1. Қазақстандағы қазақ тілінің қолданыс аясының ортасын сипаттау

Профессор Нұргелді Уәлидің зерттеуі бойынша, Қазақстанда 128 тілдің өкілдері тұрады. Бұлардың ішінде мемлекеттік тіл – қазақ тілі, мемлекеттік тілмен қатар ресми қолданылатын орыс тілі, сондай-ақ жинақы отырған ұлт өкілдерінің Қазақстан қоғамының коммуникативтік жүйесін құрайды*. ҚР-ның тіл саясаты жөніндегі тұжырымдамасында (1996 ж.), Тіл туралы Заңында (1997ж.) тіл баға жетпес құндылық саналады.

Н. Уәлидің айтуынша, ұлттық сана дамыған сайын ұлтаралық қатынас мәдениеті де арта түседі. Ал ұлттық сананың даму деңгейі төмен болса, бір жағынан өз ұлтынан, өз тілінен жеріну (нигилизм), екінші жағынан, өзге ұлтты, өзге тілді көзге ілмеу (шовинизм) тәрізді гуманизмге жат пиғылдар етек ала бастайды да, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетіне қаяу түсіреді. Сондықтан өркениетті мемлекет әрқашан тілдердің ұлттық саладағы қоғамдық қызметінің дамуына, ұлттық сананың жетіле беруіне, қысқасы, ұлтаралық қатынас мәдениетін дамытуға мүдделі болып отырады. Қазақстан қоғамының коммуникативтік жүйесіне енетін тілдердің ұлттық саладағы қызметін дамытуға арналған нақты шаралар міне, осы аталған мүддеге қызмет етеді.

Қазақстандағы көптеген диаспораны титулды ұлттың төңірегіне топтастыратын факторлардың бірі – Елбасы айтқандай, олардың қазақтармен өзара тарихи тағдырластығы мен тамырластығы.

Біріншіден, Қазақстан титулды ұлттың ту тіккен тарихи Отаны, ұлт болып ұйысқан атамекені екені, ұлттық тілін өрістетіп, дәстүрлі мәдениетін қалыптастырғаны, отаршылдық, тоталитарлық кезеңді басынан кешіргені, тарихтың толқыны ғана емес, тайфунын да көрген ел екені, тәуелсіздікке күреспен қол жеткізген шаңырақтың иесі қазақ екені айтылуға тиіс еді. Екіншіден, патша билігінің отаршылдық саясатымен байланысты қазақ еліне ішкі Ресейден еріксіз қоныс тепкен орыс, украин, белорус шаруалары; үшіншіден, тоталитарлық саясаттың зорлығымен ата жұрты мен өсіп-өнген жерінен күшпен депортацияланған неміс, кәріс, әзербайжан, балқар, қарашай, түрік, шешен т.б. тәрізді диаспоралардың қазақтармен тарихи тағдырластығы; төртіншіден, қазақтармен ежелден базары да мазары да ортақ өзбек, ұйғыр, татар, қырғыз, қарақалпақ т.б. ағайындардың тарихи тамырластығы айтылуы керек еді. Бұл – тарих. Елбасы айтқан тарихи тағдырластық пен тамырластық қоғамды ұйыстырушы факторлардың бірі ретінде Жобада неге көрсетілмеген деген сұрау көкейде тұрады.

Біздің ойымызша, Қазақстандағы диаспораларды мемлекетқұрушы ұлтпен ұйыстыратын фактордың бірі ретінде лингвомәдени факторға айрықша орын берілуге тиіс. Қазақстанға тағдырдың жазуымен келген орыс, украин, беларус, неміс, корей, шешен, ингуш т.б. ата буын, аға буын өкілдерінің көбі қазақтармен қазақ тілінде сөйлесті. Қазақтар олармен дос тамыр болды. Ондай қазақ тілді дос тамырлар бірін-бірі «өзбектің қазағы, қазақтың өзбегі», «ұйғырдың қазағы, қазақтың ұйғыры», «қазақтың ішінде неміс, немістің ішінде қазақ», «өзіміздің орыс» деп әзіл жарастырып жататын. Ілгерідегі дәстүрлі қазақ қоғамындағы тамырластық институты қайта жаңғырып, қазақ елінде толеранттылық жаппай сипат алды. Сөйтіп, қазақ тілі этномәдениетаралық коммуникацияның, әртүрлі мәдениетті жақындас-

тырудың құралы болды. Мұндай прецеденттің, яғни ілгерідегі дәстүрдің болғанын қазіргі жастар, жас буын біле бермейді.

2. Қазақ тілінің тоталитаризм дәуіріндегі бейнесі

Н. Уәлидің айуынша, қоғамдық өмірде болып жатқан әр алуан саяси, әлеуметтік, мәдени өзгерістер мен уақиғалар тілдің жүйелік құрылымы мен функционалдық құрылымына (жалпыхалықтық тіл, әдеби [стандарт] тіл, оның жазба, ауызша қызмет түрлері, функционалдық варианттары т.б.) өзінің «із-таңбасын» қалдырмай кетпейді. Сондай-ақ «із-таңбаларды» жинақтап, оларға структуралық-функционалдық және социолингвистикалық аспектіде баға беру ғасыр аралығындағы жалпы лингвистика ғылымы, аймақтық лингвистика үшін аса қажет.

3. Тіл басқыншылығы

Бөгде тіл басқыншылығы ана тіліміздің тілдік ортасын тарылта бастайды. Тіл өз «үйінде», өз «мекенінде» зардап шегеді. Бөгде тіл алдымен басқару, ақпарат, ғылым-білім саласында үстемдік етіп салтанат құрады. Мұның өзі ұлттық тіліміздің интеллектуалдық, танымдық, ақпараттық әлеуетін әлсірете бастайды. Ондай тілдің әлемдік қоғамдастықты былай қойғанда, өз ортасында, өз «үйінде» («ЭКО»-сында) абыройы да, беделі де төмен болады да өзге емес, өз ұлы ана тілін аяқ асты етеді. Сөйтіп, бөгде тіл басқыншылығы тілдік ортаны бұзып, ірітіп-шіріте бастайды. Сондықтан тілдік ортаға зардабын тигізетін тіл басқыншылығына қарсы күрес негіздерін айқындау шараларын белгілеу лингвоэкологияның аса маңызды мәселелеріне жатады.

Өз бетінше орындайтын тапсырмалар

1. Қазақ тілінің орыс және ағылшын тілімен салыстырғандағы орнын шынайы түрде қалай бағалайтыныңызды ойланыңыз және неліктен?
2. Қазақ тіліне қатысты нигилистік көзқарасты жолдастарыңыз, дос-жараныңыздан қаншалықты жиі байқағаныңызды еске түсіріңіз.
3. Тегіңіздегі орыс тілінің – ов, – ова жұрнағын алып тастап, аты-жөніңізді қазақ тілінде жазып көріңіз. Таныс, құрбы, жолдасыңыздың орыстекті фамилиясын өзгертуге ұсыныс айта алар ма едіңіз?

Бақылау сұрақтары

1. «Ұлттық сана дамыған сайын ұлтаралық қатынас мәдениеті де арта түседі» дегенді қалай түсінесіз?
2. Көпмәдениетті және көптілді қоғамдағы қазақ тілінің мәдениетаралық коммуникацияның екінші тарапы болу мүмкіндігін байқадыңыз ба?
3. Қазақ тілінің тоталитаризм дәуіріндегі бейнесі қандай болды?

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар

1. Уәли Н., Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Докторлық дисс. Алматы, 2007.
2. Қайдар Ә., Қазақтар ана тілі әлемінде. I том. А:Дайк-Пресс, 2009. – 784 б.

3. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. А: 2014. 5 том.
4. http://www.kisi.kz/kk/categories/sayasi-modernizaciya/posts/kazakstandagy-til-sayasaty-zhane-tildik-ahual-kedergile.
5. http://e-history.kz/kz/publications/view/3053.
6. https://articlekz.com/kk/article/15556.